




ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2025 ЖЫЛДЫҢ 1-ТОҚСАНЫ БОЙЫНША «ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ» АҚ-НА ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕРГЕ САНДЫҚ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ



ӨТІНІШ ТҮРІ

ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ

	2024 жылғы 1-тоқсан	2024 жылғы 4-тоқсан	2025 жылғы 1-тоқсан	2024 жылғы 1-тоқсанмен салыстыру	2024 жылғы 4-тоқсанмен салыстыру
Өтініш	117	109	83	-29%	-24%
Шағым	6		1	-83%	
Адвокаттардың сұрау салулары	2	1		-100%	-100%
Сұрау салулар	1	4	3	200%	-25%
БАҚ сұрау салулары	1	1	1	0%	0%
Ақпарат беру туралы сұрау салулар	1	1	4	300%	300%
Хабарлама	2	2	17	750%	750%
Ұсыныс	3			-100%	
Барлығы	133	118	109	-18%	-8%

2025 ЖЫЛДЫҢ І-ТОҚСАНЫНДА (109) өтініштер санының алдыңғы есептік кезеңдермен салыстырғанда (133 және 118) тұрақты түрде төмендегені тіркелді. Өтініштер санының азаюы *оң динамикаға* ие екенін келесі факторлар дәлелдейді:



Қор жұмысының тиімділігін арттыру, соның ішінде проблемалық активтермен проактивті жұмыс жүргізу



Өтініш берушілермен өзара әрекеттесу сапасын жақсарту және туындаған мәселелерді жедел шешу



Өтініш берушілердің хабардарлық деңгейінің жоғары болуы қайталама өтініштердің қажеттілігін төмендетеді


ӨТІНІШ ТҮРІ	ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ				
	2024 жылғы 1-тоқсан	2024 жылғы 4-тоқсан	2025 жылғы 1-тоқсан	2024 жылғы 1-тоқсанмен салыстыру	2024 жылғы 4-тоқсанмен салыстыру
Ақпарат үшін	4	3	2	-50%	-33%
Кадр мәселесі бойынша	0	5	5	-	-
Мемлекеттік сатып алулар бойынша	0	1	3	-	200%
Банкроттық, қарыз шарттары және мүліктік құқықтар мәселелері бойынша	64	42	36	-44%	-14%
Электрондық сауда бойынша	7	12	10	43%	-17%
Сот істері бойынша	10	7	2	-80%	-71%
Жиналыс өткізу туралы	1	3	2	100%	-33%
БАҚ сұрау салулары	1	1	2	100%	100%
Құзыретіне жатпайтын	46	44	47	2%	7%
Барлығы	133	118	109	-18%	-8%

Белсенді өтініштер

Құзыретіне сәйкес басқа МО жолданған өтініштер

Кері қайтарылған өтініштер

Қордың құзыретіне жатпайтын өтініштер



Е-Otinish платформасы арқылы келіп түскен **109** өтініштің ішінен: **10** өтініш кері қайтарылған,**44** өтініш Қордың құзыретіне кірмейді, олардың ішінде **16** өтініш тиісті мемлекеттік органдарға жолданған.

28 өтініш – ЕДБ мен МҚҰ-мен жасалған қолданыстағы қарыз шарттарының талаптарына, төлемдерге, кредиттік тарихты жақсартуға және берешекті өтеудің неғұрлым тиімді шарттарын алуға қатысты мәселелерге байланысты, сондай-ақ Қордың құзыретіне кірмейді.

Осылайша, белсенді өтініштердің саны – **55**.

2024 жылғы 1-тоқсан



ӨҢДЕУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Белсенді өтініштердің жыл ішінде 16-ға азаюы Қордың келіп түскен ақпаратты жедел әрі сапалы өңдей алатынын көрсетеді.

«Күту» мәртебесіндегі өтініштердің азаюы – қарау мерзімдерінің жақсарғанын және қызметкерлердің жауапкершілік деңгейінің артқанын айғақтайды.

2024 жылғы 4-тоқсан



ОҢ ДИНАМИКАНЫ САҚТАУ

Жыл басында әдетте өтініштер санының артуы байқалса да, белсенді өтініштер саны азаюын жалғастыруда (-19,7%). Бұл жеткен сапа деңгейінің тұрақтылығын растайды және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін көрсетеді.

2025 жылғы 1-тоқсан




ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ЕҢ ТӨМЕН КӨРСЕТКІШ

2025 жылғы 1-тоқсандағы белсенді өтініштер көрсеткіші соңғы төрт есептік кезең ішіндегі ең төменгі деңгейде.

2024 жылдың соңымен салыстырғанда тіпті 3,5%-ға болмашы төмендеу – жұмыстың қарқыны мен кейстерді уақтылы жабуға баса назар аударылып отырғанын білдіреді.

55 БЕЛСЕНДІ ӨТІНІШ БОЙЫНША МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ СИПАТЫ



Басшылық тарапынан қабылдау

Қор Төрағасы мен оның орынбасарлары бекіткен жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау регламенті

Ашықтықты қамтамасыз ету

Ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды қамтитын ведомстволық ашықтық жоспары бекітілді

Сайт пен интернет-порталдарды дамыту

Қордың ресми сайты мен ашық деректер порталдарын жүйелі түрде жаңарту және ашық диалогты қамтамасыз ету



Ақпараттық стенд

Қор кеңсесінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың еркін қол жеткізуіне жағдай жасалған ақпараттық стенд орналастырылған

Қоғаммен байланыс

Коммуникация арналары арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді, семинарлар, тренингтер мен кездесулер ұйымдастырылды


Медиа-жоспар

Қордың медиа-жоспары бекітілді, оған жоспарланған іс-шаралардың сипаттамасы, интернет-конференциялар мен сауалнамалар кіреді


2024 ЖЫЛҒЫ 1-ТОҚСАНМЕН САЛЫСТЫРУ

2024 жылғы 1-тоқсанда **89 өтініш** беруші Қорға **133 өтінішпен** жүгінген

2025 жылғы 1-тоқсанда өтініштер саны **4-ке** дейін қысқарды, ал 89 өтініш берушінің ішінде тек **4 адам** ғана қайта өтініш білдірген.



4 тқ. 2024 ж.



2024 ЖЫЛҒЫ 4-ТОҚСАНМЕН САЛЫСТЫРУ

2024 жылғы 4-тоқсанда **91 өтініш** беруші Қорға **118 өтінішпен** жүгінген

2025 жылғы 1-тоқсанда өтініштер саны **17-ге** дейін қысқарды, ал 91 өтініш берушінің ішінде тек **12 адам** ғана қайта жүгінген.

1 тқ. 2024 ж.

